



БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ:
Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды

№82 (9546)

4 қараша
сейсенбі,
2025 жыл

Жаңа өмір

Новая жизнь

Жуалы аудандық қоғамдық-саяси газеті

Газет 1934 жылғы сәуір айынан шығады jana_omir@mail.ru facebook.com/janaomirjuly www.janaomir.kz

ИНВЕСТИЦИЯ - ЕЛИГІЛІГІ!

272 МЛН ДОЛЛАРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЕЛІСІМДЕРІНЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев бастаған делегация жаһандық инвестициялар жөніндегі VIII қазақстандық дөңгелек үстелге (KGIR-2025) қатысты.

Іс-шара аясында Қазақстан Премьер-Министрі Олжас Бектенов жетекші халықаралық компания өкілдерімен бірқатар кездесу өткізді. Ұсынылған бастамалар арасында ерекше назар Жамбыл облысында жүгеріні терең өңдеу бойынша тігінен интеграцияланған өнеркәсіптік парк жобасына аударылды.



Ербол Қарашөкеевтің айтуынша, өңірде жобаны табысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін дамыған инфрақұрылым мен барлық қажетті ресурс бар. Бұл жоба жаңа жұмыс орындарын ашуға және ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу көлемін арттыруға жол ашады.

Fufeng Group директорлар кеңесінің төрағасы Ли Сюэчунь алдағы өндірісті іске қосу үшін «жылдам дәліз» тетігі аясында жасалған қолайлы бизнес-орта мен жағдайларды жоғары бағалады.

Жоба аясында Орталық Азиядағы ең ірі жүгеріні терең өңдейтін зауыттардың бірі салынбақ. Кәсіпорынның жылдық қуаттылығы бастапқы кезеңде 500 мыңнан 1 млн тоннаға дейін, кейін 3 млн тоннаға дейін ұлғайтылады. Инвестиция көлемі шамамен 1,5 млрд АҚШ доллары.

Пайдалануға беру кезеңінде 1 500 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда. Өндіріс отандық шикізатты пайдалану негізінде жүзеге асырылады.

Айта кетейік, KGIR-2025 алаңында Fufeng Group компаниясының негізін қалаушы Ли Сюэчунь үздік инвестор-компания өкілдерінің бірі ретінде танылып, Үкімет басшысы табыс еткен марапатқа ие болды.

Бұдан бөлек, KGIR-2025 барысында Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Әбілхайыр Тамабектің қатысуымен бірқатар меморандум мен ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойылды. Құжаттар өңірдің өнеркәсіп, энергетика және агроөнеркәсіп салаларындағы ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға бағытталған.

Атап айтқанда, Жамбыл облысы әкімдігі, «Алель Агро» АҚ және Shandong Guangming Biotechnology Co., Ltd. арасында бройлер құс фабрикасын салу жобасы бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Инвестиция көлемі – 15 млн АҚШ доллары. Кәсіпорын жыл сайын шамамен 45 млн инкубациялық жұмыртқа өндіруге арналған, бұл 75 мың тоннаға дейін дайын ет шығаруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Жамбыл облысы әкімдігі отандық және шетелдік инвесторлармен бірқатар ірі жобаны іске асыру туралы келісімдерге қол қойды.

Олардың қатарында: қуаты 150 МВт болатын бу-газ қондырғысын салу (инвестиция көлемі – 140 млн доллар);

электр жабдықтарын өндіретін зауыттың құрылысы (33,5 млн доллар); қуаты 50 МВт болатын бу-газ қондырғысын салу (60 млн доллар);

ауыл шаруашылығы техникасын шығаратын зауыт салу (5,2 млн доллар); ауыл шаруашылығы техникасын өндіру жобасы (18,5 млн доллар).

Қол қойылған келісімдер бойынша жалпы инвестиция көлемі 272,2 млн АҚШ долларын құрайды.

KGIR-2025 аясында Жамбыл облысының делегациясы инвестиция тарту, экономиканың негізгі салаларын дамыту және халықаралық ынтымақтастық мәселелеріне арналған панельдік сессиялар мен тақырыптық кездесулерге де қатысты.

Жамбыл облысы әкімінің
баспасөз қызметі

«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫ

ЗАҢҒА ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ!

«Халық заңгері» республикалық әлеуметтік акциясының аясында өңір тұрғындарына тегін құқықтық кеңес берілді

Заң мен тәртіпті сақтау, сол арқылы қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сонымен қатар, өңір тұрғындарына құқықтық және заңгерлік кеңес беруге бағытталған «Халық заңгері» аталатын әлеуметтік акциясының аясындағы кездесу жиыны өткен аптаның жұма күні ауданның орталығы Б.Момышұлы ауылындағы «Достық» мәдениет үйінде ұйымдастырылды. Онда ең алдымен аудан прокуроры Ильяс Тойшыбеков сөз алып, заңға жиналған азаматтарды Президент ұсынған «Заң және тәртіп» қағидатын ілгерілету аясындағы жиынның негізгі мақсат-міндеттерімен таныстырды.

– Құрметті Жуалы ауданының тұрғындары! «Халық заңгері» атты республикалық әлеуметтік акциясын әрбір азаматтың өз құқығын біліп, оны қорғауға және халықтың заңға деген сенімін арттыруға бағытталған. Бұл – өте маңызды. Бүгін біз Сіздердің сұрақ пен мәселелеріңізді мұқият тыңдап, оған заң аясында нақты шешімдер ұсынуға дайынбыз. Біздің басты мақсатымыз – қоғамда құқықтық мәдениетті көтеру, Президент ұсынған «Заң мен тәртіп» идеясын нығайту. Өйткені заң үстемдігі бар жерде ғана әділдік те, сенім де, тәртіп те болады.

Біз бәріміз бірге заңды, әділ және сенімді қоғам құра аламыз. Президент ерекше атап өткендей, біз заңға құрмет көрсету арқылы елге деген құрметті арттыра аламыз. Бұл шараның басты мақсаты – халықтың

азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдап, өтініш-тілектерге заңдылық аясында жауап берумен бірге, құқықтық кеңестер ұсынды. Айта кету керек, жиын барысында аудандық прокуратураның өкілдері, аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, жеке сот орындаушы, адвокат, мемлекеттік кірістер басқармасы, «Еңбек мобильдігі орталығы» КММ-ның аудандық Мансаптық орталық филиалы, ветеринариялық станцияның мамандары, сонымен қатар, аудан әкімдігінің ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, жер қатынастары, мәдениет және тілдерді дамыту, сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімдері, сонымен бірге, мемлекеттік кірістер басқармасы, т.б. мекеменің басшылары мен жауапты мамандарына түрлі сұрақ-өтінішпен қайырылған аудан азаматтары сұрағына



Әділетті әрі құқықтық мемлекет құру үшін мұның барлығын сақтау негізгі міндеттердің біріне жатады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына арнаған 2024 жылғы Жолдауында: «Біз заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құруымыз керек. Тағы да айтамын: біздің негізгі мақсатымыз – заңды қатаң сақтау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету.



Суреттерді түсірген Сәбит ҚҰЗЕМБАЕВ

көкейінде жүрген мәселелерді ашық тыңдау және тұрғындар мен мемлекеттік органдар арасындағы кері байланысты нығайтуға жол ашу болып табылады.

Біз бұл кездесудің барысында прокуратура және мемлекеттік орган өкілдеріне өтінішпен қайырылған әрбір азаматтың өтініш-тілегін мұқият қарап, тиісті заң шеңберінде әділ шешім қабылдауға әзірміз. Тұрғындардың әрбір сұрағы мен ой-пікірі біз үшін өте маңызды. Сіздерге ашық диалог пен өзара түсіністік тілеймін,- деп атап өтті аудан прокуроры Ильяс Прмаханұлы.

Аудан прокуроры келесі кезекте өңір тұрғындарының интернет алақтарға көптеп алдануы орын алып жатқанын айтып, одан барынша сақ болуға шақырды.

«Халық заңгері» құқықтық акциясының барысында аудан прокуроры Ильяс Тойшыбеков, аудан әкімінің орынбасары Анар Ахметова және аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Ардақ Әміребек

тыңғылықты жауап және құқықтық тұрғыдан пайдалы кеңестер алды.

Акцияға қатысқан тұрғындар негізінен мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алу, баспана кезегіне түру, ауыл шаруашылығы мақсатында жеңілдетілген несие қаражатына қол жеткізу, салық және несие қарызын төлеуге байланысты, уақытша және тұрақты жұмысқа орналасу, ағын су мен ауызсуға байланысты мәселелермен қайырылып, сонымен қатар, аудан прокурорынан, прокуратураның өкілдерінен, аудандық полиция бөлімінің жауапты мамандарынан, жеке сот орындаушы мен адвокаттан тегін құқықтық кеңестермен бірге, сұрақтарына тұщымды жауап алды дегуе болады.

Тақырыпқа байланысты қосымша айта кетсек, қоғамда заң мен тәртіпті қатаң сақтау, сол арқылы қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, қауіпсіз мемлекет құру мәселесі қоғам алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі екені анық.



Біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмтылуымыз керек» деген парасатты пайымы мемлекет пен халық қауіпсіздігінің және заң үстемдігін орнатудың негізгі өлшемі десек болады.

Президент ерекше атап өткендей, әділдік пен жауапкершілік – өзара тығыз байланысты ұғымдар. Басқаша айтсақ, жауапкершілік болмаса, әділдік те болмайды. Әркім өз ісіне, міндетіне жауапкершілікпен қараса, жеке азамат та, бүкіл ел де табысқа жетеді. Әділдіктің қуаты – осында.

Заң мен тәртіп – қоғамның мызғымас негізі. Заңның алдында барлығы бірдей. Бұл – баршаға ортақ мызғымас қағида. Президент ұсынған «Заң мен тәртіп» қағидаты қоғамда қатаң сақталуы қажет! Сонда ғана еліміз өркендеп, болашағымыз жарқын болмақ!

Нұржан МАНАСҰЛЫ,
«Жаңа өмір»

ДЕПУТАТТАР – ЕЛ ІШІНДЕ!

ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Өткен аптада облыстық және аудандық мәслихат депутаттары өңірде жүргізіліп жатқан құрылыс нысандарының жұмысының сапалы жүруі мен қаржының мақсатты жұмсалыуына зерделеу жұмыстарын жүргізді.

Зерделеу жұмысы Мыңбұлақ ауылдық округінің орталығы Көлбастау ауылындағы мәдениет үйінің құрылысымен танысудан бастады. Мұнда жүргізілген мердігер мекеменің жұмысын бағалап, алдағы уақытта нысанды пайдалануға беру керектігін атап өтті. Халық қалаулылары одан кейін аталған ауылдағы жүргізіліп жатқан ауызсу жүйесінің құрылысын көріп, жаңадан салынған асфальттің бұзылған тұстарын қайта қалпына келтіруді тапсырды. Сонымен қатар, Ақсай ауылдық округінің Қайрат ауылындағы ауызсу жүйесінің құрылысында көрді. Бұл ауылдағы ауызсу жүйесінің құрылысын жүргізу үшін жаңа мердігер анықталған. Алдағы уақытта мердігерге жұмысты сапалы әрі жобаға сай жүргізу керектігі ескертілді.



Суретті түсірген Сәбит ҚҰЗЕМБАЕВ

Жалғасы 2-бетте

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Аудандық «Jańa ómir-Новая жизнь» қоғамдық-саяси газетіне 2026 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүруде. Жеке тұлғалар үшін бір жылға жазылу бағасы - 6849 теңге 52 тиын, жарты жылға - 3424 теңге 50 тиын. Заңды тұлғалар үшін бір жылға - 7749 теңге 52 тиын, жарты жылға - 3874 теңге 50 тиын. Жазылымды аудандық пошта мен оның ауыл-селоардағы бөлімшелері жүргізеді.

Газеттің жазылым индексі - 80300.
АУДАНДЫҚ ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗДАР!

ДИНИ АМАННЫҢ – ЕЛІ АМАН!

ДИНАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ – КИЕЛІ БОРЫШ

Ислам – барлық діндерге құрметпен қарайтын дін. Осы диалог көп уақыттан бері Исламның дінаралық келісім жағында екенін білдіріп, достық, ынтымақ, бірлік жолында қызмет атқарып келеді. Бейбітшілік, татулық, қарым-қатынас пен көркем достық, жақсылық пен өзара жәрдемдесу секілді игілікті істердің барлығы да Ислам діні насихатының негізі.

Өйткені, Ислам – иман құндылығын бағалайтын күллі адамзатқа арналған дін. Сондықтан Ислам дінінің өз ұстанымы, көзқарасы, менталитеті, ерекшелігі бар.

Ислам дінінің тұжырымы бойынша дінаралықұнқатысу–Алла Тағаланың әмірі, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с) сүннеті. Сан ғасырлық қатпарлы тарихымызға көз жүгіртсек, біздің ұлан-байтақ елімізде түрлі ұлттардың діни наным-сенімдері, мәдениеттері қатар өмір сүргендігіне көз жеткіземіз. Жалпы дін адамдар дүниетанымы мен эстетикалық талғамын қалыптастыруға, қоғам мүшелерін құрметтеп, айналаға мейіріммен қарауға, бейбіт өмірді



қамтамасыз етуге, татулық пен тыныштыққа қызмет етіп қана қоймай, адамның жан дүниесін иман нұрымен нұрландырып, көркем мінез бен сабырды серік етуге жетелейтін бірден-бір ілім. Қоғамның ең басты байлығы адам болғандықтан, адамға тура жол көрсетіп, ақ пен қараны ажыратуда діннің алар орын ерекше екендігін ата-бабаларымыз іс жүзінде көрсетіп берді. Бұл да біздің ата- бабаларымыздың діни төзімділіктің озық үлгісін көрсетіп бере алғандығының дәлелі. Баға жетпес байлығымыз – бабаларымыздан өсиет болып қалған, халқымызға қасиет болып қонған бақыт – бірлігіміз екендігін, құнды қазынамыз – тарих табыстырып, тағдыр тоғыстырған халқымыздың бірлігі болғандықтан ел татулығын сақтаудың бүгінгі таңдағы маңызды іс-шараның бірі.

Ислам барша адамзатқа әділдікті үлгі, зұлымдықты харам етеді. Өзара жәрдем беру, мейірімді де рахымды, бауырмашыл болу – оның ұлық тәлімдерінен. Ислам діні ақыл мен парасатты жоғары қоя отырып, өзгенің де ой-пікіріне құрметпен қарайды. Адамды бір ғана сенімге арқадап, оған қатаң көзқарастарды таңбайды, оған ешкімді мәжбүрлемейді.

Дін – саналы адамдарды, өз еркі және қалауымен қайырлы, игі істерге жетелейтін құдіретті күшті Жаратушының заңы. Дін – тәрбие, бақытқа жетелейтін, Иман мен Хақ заңдарын қамтитын тура жол. Дін – сүйіспеншілік, құрмет. Дін – сенім, ғибадат, дұға. Дін – адамзат, отбасы, қоғамды дамытып, үйлестіруші күш.

Асыл дініміздің ұлағатты да тәрбиелі қағидаларынан дінаралық татулық пен үйлесімнің адамзат атаулының алдында киелі борыш екенін ескерсек, сол киелі борышты әр саналы азамат тиесілі дәрежеде атқарса, қоғамның тыныш та бейбіт ғұмыр кешетініне күмән жоқ!

Ғалым ЖАҚЫПБЕКОВ, Ақтөбе ауылдық округінің әкімі

ЕСКЕ АЛУ

АРАМЫЗДА АМАН ЖҮРГЕНДЕ 42 ЖАСҚА ТОЛАР ЕДІ...

Өмір дегеннің қас-қағым сәтте өтерін, оның «бес күн жсалған» екенін алысты болжас білген дана бабалар оны күні бұрын айтып кетті емес пе?!

Аудандық газеттің қара шаңырағында 15 жылдан аса уақыт жұмыс атқарып, төл басылымның дамуына еңбек сіңірген үлгілі қызметкер, мекеменің көлікжүргізушісі болған **Руслан Садықов** арамызда аман жүргенде биыл қараша айының 4-ші жұлдызы күні 42 жасқа толар еді... Алланың бұйрығына амал бар ма?! Амал нешік, асыл азамат қазан айының алғашқы күндері арамыздан алыстап кете барды...

«Орынды бар оңалар» деген. Руслан Мәткерімұлы тіршілікте отбасын құрып, асыл жары Баян Тұрсынқұлқызы екеуі төрт ұлды балапандай баулып өсіріп, оларға ұлағатты тәлім-тәрбие беруге көп еңбек етті. Ұлдарының жақсы білім алып, спортпен шұғылдануына да қолдан келгенше жағдай жасап, азамат қатарына қосуға ниет еткен ол Жаратқанның жазуымен ойда жоқта дүниеден озып кете барды. Тосыннан келген ауыр қайғы марқұмның отбасы мүшелері, туған-туыстары мен өзі ұзақ



жыл еңбек еткен ұжымының қабырғасына қатты батқаны анық...

Мекемеде үлгілі қызметкер, көзі тірісінде отбасында асыл жар, қамқор әке, көпшіл азамат бола білген Руслан Мәткерімұлының анасы Ұлжан Рысбайқызына және отбасы мүшелеріне амандық-саулық, жақсылық және артында қалған төрт ұлына ұзақ өмір тілейміз!

Жуалы аудандық «Жаңа өмір-Новая жизнь» қоғамдық-саяси газеті» ЖШС-ның ұжымы

ХАБАРЛАНДЫРУ

"Жамбыл облысы Жуалы ауданы Қызыларық ауылдық округі әкімінің аппараты" КММ-ның иелігіндегі Қызыларық ауылдық округі ҚТҚ полигонына арналып жасалған ШНШ, ҚББ, ӨЗБ бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспары бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Өткізу орны: Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Қызыларық а/о, Қызыларық ауылы, Т.Тастандиев көшесі, 24. (әкімдік ғимаратында)

Өткізу күні мен уақыты: 2025 жылдың 18 желтоқсан сағат 15:00-де.

Конференцияға онлайн қосылу: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=950308441518> Идентификатор нөмері: 950-308-441-518

Қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттармен келесі порталда танысуға болады (<https://ndbecology.gov.kz/>), сондай-ақ Жергілікті атқарушы орган «Жамбыл облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтының «қоғамдық тыңдау» бөлімінің сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/activities/8220?lang=kk> танысуға болады Мекен-жайы: Жамбыл облысы, Тараз қ., Абай көш. 133А e-mail:

s.agabek@zhambyl.gov.kz

Бастамашы: "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Қызыларық ауылдық округі әкімінің аппараты" КММ, мекен-жайы: Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Қызыларық а/о, Қызыларық ауылы, Т.Тастандиев көшесі, 24. БСН 020940002488, тел. 87757500432

Орындаушы: «Tabigat8» ЖК, Шымкент қ., 189 кв, 33 үй. тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru.

"Жамбыл облысы Жуалы ауданы Қызыларық ауылдық округі әкімінің аппараты" КММ барлық тілек білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Барлық мүдделі тұлғалар өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын келесі электрондық пошта мекен-жайы бойынша енгізе алады: akimat02@bk.ru, s.agabek@zhambyl.gov.kz

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын қағаз жүзіндегі материалдармен Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Қызыларық а/о, Қызыларық ауылы, Т.Тастандиев көшесі, 24 мекен-жайы бойынша танысуға болады. Барлық сурақтар бойынша мына телефонға: +77711515038

Полигонның географиялық координатасы:
Ендік: 42°40'10.4"N
Белдік: 70°59'22.7"E

ХАБАРЛАНДЫРУ

"Жамбыл облысы Жуалы ауданы Қошқарата ауылдық округі әкімінің аппараты" КММ-сінің иелігіндегі Қошқарата ауылдық округі ҚТҚ полигонына арналып жасалған ШНШ, ҚББ, ӨЗБ бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспары бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Өткізу орны: Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Қошқарата а/о, Қошқарата ауылы, Б. Усенов көшесі, 34. (әкімдік ғимаратында)

Өткізу күні мен уақыты: 2025 жылдың 18 желтоқсан сағат 10:00-де.

Конференцияға онлайн қосылу: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=995118715231>

Идентификатор нөмері: 995-118-715-231

Қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттармен келесі порталда танысуға болады (<https://ndbecology.gov.kz/>), сондай-ақ Жергілікті атқарушы орган «Жамбыл облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтының «қоғамдық тыңдау» бөлімінің сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/activities/8220?lang=kk> танысуға болады Мекен-жайы: Жамбыл облысы, Тараз қ., Абай көш.

133А e-mail: s.agabek@zhambyl.gov.kz

Бастамашы: "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Қошқарата ауылдық округі әкімінің аппараты" КММ, мекен-жайы: Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Қошқарата а/о, Қошқарата ауылы, Б. Усенов көшесі, 34. БСН 020940002597, тел. 87018189212

Орындаушы: «Tabigat8» ЖК, Шымкент қ., 189 кв, 33 үй. тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru.

"Жамбыл облысы Жуалы ауданы Қошқарата ауылдық округі әкімінің аппараты" КММ барлық тілек білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Барлық мүдделі тұлғалар өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын келесі электрондық пошта мекен-жайы бойынша енгізе алады: zhadra_140992@inbox.ru, s.agabek@zhambyl.gov.kz

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын қағаз жүзіндегі материалдармен Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Қошқарата а/о, Қошқарата ауылы, Б. Усенов көшесі, 34 мекен-жайы бойынша танысуға болады. Барлық сурақтар бойынша мына телефонға: +77711515038

Полигонның географиялық координатасы:
Ендік: 42°51'42.28"E
Белдік: 70°21'47.31"N

ОБЪЯВЛЕНИЕ

КТГУ "Аппарат акима Кызыларыкского сельского округа Жуалынского района Жамбылской области" объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектам НДВ, ПУО, Программам ПЭК, План мероприятий по охране окружающей среды для полигона ТБО Кызыларыкского сельского округа.

Место проведения: Жамбылская область, Жуалынский район, Кызыларыкский с.о. с. Кызыларык, Т.Тастандиев, 24 (в здание акимата).

Дата и время проведения: 18 декабрь 2025 года в 15:00.

Подключиться к встрече в Qosyl: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=950308441518> Идентификатор встречи: 950-308-441-518

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на Едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz/>), а также на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/activities/8220?lang=kk> Местного Исполнительного Органа ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области», адрес: Жамбылская область, г. Тараз, ул.Абая 133А e-mail: s.agabek@zhambyl.gov.kz

zhambyl.gov.kz в разделе «Общественные слушания».

Инициатор: КТГУ "Аппарат акима Кызыларыкского сельского округа Жуалынского района Жамбылской области" адрес: Жамбылская область, Жуалынский район, Кызыларыкский с.о. с. Кызыларык, Т.Тастандиев, 24. БИН 020940002488, тел. 87757500432

Исполнитель проекта: ИП «Tabigat8», г. Шымкент, 189 квартал, дом 33 тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru

КТГУ "Аппарат акима Кызыларыкского сельского округа Жуалынского района Жамбылской области" приглашает всех желающих принять участие в общественных слушаниях. Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: akimat02@bk.ru. s.agabek@zhambyl.gov.kz

С материалами проекта в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: Жамбылская область, Жуалынский район, Кызыларыкский с.о. с. Кызыларык, Т.Тастандиев, 24. По всем вопросам обращаться по телефону: +77711515038

Географические координаты полигона:
Широта: 42°40'10.4"N
Долгота: 70°59'22.7"E

ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ!

ТЕРІ АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛҒАН АБЗАЛ

Балалардың терісі - бала ағзасының күйін көрсететін айнаға ұқсас. Ол жұқпалы, аллергиялі, физикалық және химиялық факторлардың әсеріне өте сезімтал. Теңгерімді тамақтану, ішмұндаық жүзінен нығайту, табиғи компоненттерден тұратын витаминдік кешендерді қолдану аурулардан сенімді қорғайды және мықты денсаулықты қалыптастырады.

Балалардағы тері ауруының себептері

Терінің зақымдануы әртүрлі жағдайларда туындауы мүмкін, олар ішкі және сыртқы факторларға бөлінеді.

- қабыну процестері;
- ас қорыту, қанайналым, жүйке жүйелерінің жұмысындағы бұзылулар;
- іріңді ошақтар;
- гельминттермен инфекция;
- балалардағы туа біткен тері ақаулары;
- химиялық агенттердің ағзаға енуі.

Егер баланың терісінде өзгерістер пайда болса, міндетті түрде дерматологпен кеңесу керек. Кішкентай науқасты мұқият тексергеннен кейін дәрігер пайда болған ауруға ем тағайындайды. Тері ауруының созылмалы ағымы дерматологтың үнемі бақылауын қажет етеді.

Балалардағы тері ауруын емдеу кезінде әртүрлі әдістерді (біріктіріп) қолдануға болады:

- дәрі-дәрмекті (сыртқы және ішкі);
- гомеопатиялық;
- седативті терапия;
- психотерапиялық сессиялар;
- арнайы табиғи кешендер;
- шөптердің инфузиясы мен қайнатпалары.

Балалардағы аллергиялық тері ауруларын емдеу организмнен қоздырғыштарды жоюға негізделген. Белдік теміреткіден емдеу үшін

вирусқа қарсы препараттар, анальгетиктер қолданылады. Нәрсестені дәрілік түймедақ немесе итосаған қайнатпасында шомылдыру арқылы терлеуден пайда болған бөртпелерден арылуға көмектеседі.

Тері жұқпалы ауруларының бірі қышыма қотыр (чесотка). Оны қышыма қотыр кенесі таратады. Қоздырғыш адамның терісіне жұққан сәттен- ақ өзіне жайлы орын жасай бастайды. Ұрғашысы адамның терісіне енгеннен кейін жылдам көбейеді, яғни теріге жұмыртқа салады.Біреп күннен кейін онысы күртқа айналып, бір аптадан соң ересек қотыр кенелері пайда болады. Демек қышыма кене адам үшін өте қауіпті жәндік. Оның мөлшері 0,2 -0,5 миллиметрден аспайды, сондықтан ұлғайтқыш әйнек арқылы ғана толық көруге болады.

Қышыма қотыр адамнан адамға жылдам жұғады. Әсіресе отбасы мүшелеріне тез тарайды. Яғни қышымамен ауырған адаммен тікелей қарым – қатынаста болғанда, сондай – ақ олардың пайдаланған төсек орындарын, іш киімдерін, киім – кешектерін, сүртінетінорамалдарын, жөкелерін басқа да заттарын пайдаланғаннан жұғады. Сондықтан тиісті тазалық талаптарын сақтау қажет. Эпидемиологиялық тексеру нәтижелеріне қарағанда қышымамен әлеуметтік жайсыз және тұрмысы нашар отбасындағы адамдар жиі ауыратын көрінеді. Қышыма жұқтырған адамдардың ең көп саны мектептерде, орта және жоғары оқу орындарында жаңа ұжымдар құрылғанда, яғни күзгі-қысқы уақыттарда тіркеледі

Қышыма, дерматомикоз сырқатын жұқтырмау үшін манадай қарапайым жалпы гигиеналық ережелерді орындау қажет:

- әрбір 5-6 күн аралығында моншаға түсіп жуыну;

- ішкімдерді және төсек жаймаларын жиі- жиі ауыстырып, оларды жуып, үтіктеу;
- әр адамның жеке сүлгісі және басқа да тұтыну заттарының болуы;
- үйге келеген соң міндетті түрде қолды сабынмен жуу;
- жаңадан сатып алынған киім – кешекті, іш киімді және төсек жаймаларын міндетті түрде үтіктеу;
- жан – жануарлармен қарым – қатынаста болғаннан соң қолды мұқият жуу;
- сау адамдарды, аурудан оқшалау;
- қышыма, дерматомикоз ауруыуына сәл күдіктенгенде дереу «Жамбыл облысы тері – венерологиялық диспансері» көріну қажет. Дәрігерге ерте қаралу айналасындағы адамдарға қышыманың таралмауын және одан тез сауығуын қамтамасыз етеді.

Қандай жағдайларда балалар дерматологияна жүгіну керек
Ата-аналар үшін тіпті кішігірім «безеулер», қызарулар аурудың дамуының бастауы болуы мүмкін екенін түсінуі керек.

Дәрігерге қаралу керек, егер балада:

- терінің түсі өзгерді; ақшыл немесе қара тығыз жерлер пайда болды;
- жаралар, қырғыстар, көпіршіктер пайда болды.
- бөртпе пайда болу аясында температураның өсуі байқалады;
- ауру кезінде беті қызарып және тұрақты қабыршықтану пайда болды;
- мысықпен немесе итпен қарым- қатынастан кейін дақтар пайда болды;
- бөртпелер аймағында терінің ауыруы пайда болды;
- кене немесе басқа паразиттің шағуы туралы күдік бар.

Балаларды үнемі Немесе белгілі бір мезгілде мазалайтын қышу, күйдіру, ауырсыну

және басқа да жағымсыз көріністерді елемеуге болмайды. Осындай жағдайларда бала көбінесе жылап, тыңиркенеі.

Балалардағы тері ауруларының алдын алу:

Тері ауруының алдын алу үшін қажетті жағдайларға мыналар жатады: теріні таза ұстау, ауа өткізетін материалдардан жасалған киім кию, жақсы және ұзақ ұйқы, таза ауада үнемі серуендеу, жараларды уақтылы емдеу, иммундық жүйені нығайту.

Сондай-ақ, баланың дамуы үшін, оны аурудан қорғау үшін өсіп келе жатқан ағзаны барлық қажетті ресурстармен қамтамасыз ету маңызды. Олардың ішіндегі ең маңыздылары - табиғи дәруендер мен минералдар. Тері аурулары көбінесе мектеп жасындағы балаларда кездеседі, бұл ауру жұқпалы жұғу жолы жанасу арқылы болғандықан, балаңыз қандай да бір спорт үйірмелеріне баратын болса ол үйірме өтетін мекеменің тазалығы ата-ананы бей жай қалдырмауы қажет. Үйірме өтетін мекеменің ішінде жеке бас тазалығы қатаң сақталуын қамтамасыз етілгеніне көз жеткізіңіз. Егер бала тері ауруын жұқтырып келген болса баланы тез арада оқшаулап, дәрігерге жүгініңіз. Үйіңіздегі басқа отбасы мүшелеріне жұғып кетпеуін ата-ана қадағаласа, бұл ауру өршуін тоқтатады.

Тері зақымдануы пайда болған кезде дәрігерге уақтылы жүгініңіз. Балаларды витаминдермен, микро-макронутриенттермен, минералдармен қамтамасыз етіңіз.

Сәнімгүл ТІЛЕШ, аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы